

Тараз қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Тараз қаласында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" № 382 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 14 шілдедегі № 578 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 шілдеде № 2284 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Тараз қаласының ә к і м д і г і **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Тараз қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі «Тараз қаласында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» № 382 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 2222 болып тіркелген, 2014 жылғы 28 мамырында № 22 (1204) «Жамбыл-Тараз» газетінде жарияланған) мынандай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Тараз қаласы әкімінің орынбасары Күлімхан Майлыбекқызы Тоғызбаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Календеров

Тараз қаласы әкімдігінің
2014 жылғы "14" шілдедегі

№ 578 қаулысына қосымша

Тараз қаласында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)
	республикалық нысаналы трансферттер есебінен	жергілікті бюджет есебінен	республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	жергілікті бюджет есебінен (теңге)	
Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар					
Толық күндік шағын орталықтар	1 175	954	13 716	12 856	5 700
оның ішінде:					
Мектепке дейінгі жеке меншік ұйымдар (шағын орталық)	120	0	13 716	0	0
балабақшалар	5 520	8 653	19 852	20 723	5 700
оның ішінде:					
Санаторлы балабақшалар	0	623	0	24 672	5 700
Логопедтік балабақшалар	0	740	0	22 678	5 700
Мектепке дейінгі жеке меншік ұйымдар (балабақша)	2 495	0	19 852	0	0